

**«Экономика саласындағы құқықтық қатынастарды реттеудің
теориялық-методологиялық мәселелері»
6D030100**

Бітірушілер негізгі мына сұрақтарды білуі тиіс

- 1 Халықаралық экономика құқығы реттейтін қоғамдық қатынастардың шеңберін, қаржы құқығының құқық жүйесіндегі орнын және оның басқа құқық салаларымен арақатынасын, қаржы құқығында қолданылатын құқықпен реттеу әдістерін, қаржы құқығының құрылымы
- 2 Халықаралық экономика құқығы теориясының ғылыми негіздерін, ел мен мемлекет қаржы жүйесінің құрамын, мемлекет қаржы қызметінің мазмұны мен жүзеге асыру аясы, оның әдістері мен құқықтық нысандары
- 3 Ақшаның мәнін, оның функцияларын, ақша жүйесінің ұғымы мен оның элементтерін, ақша айналымын реттеу әдістерін, ақша төлемдерін жүзеге асырудың тәсілдері, ақша-кредит саясаты және оның құралдары
- 4 Валюта, валюталық құндылықтар, валюталық операциялардың ұғымын, олардың түрлерін, валюталық реттеудің мазмұны, валюталық операцияларды жүзеге асырудың тәртібі мен режимдері, валюталық бақылаудың мазмұны
- 5 Халықаралық экономика құқығын бақылаудың элементтерін, қаржылық бақылаудың нысандары мен түрлері, қаржылық бақылау органдарының құзыреті, қаржы-құқықтық жауапкершіліктің мәселелері Қаржылық құқықтың принциптері.
- 6 Бюджет ұғымын және оның түрлерін, бюджет жүйесінің құрылымы мен оны құрастырудың принциптері, бюджетаралық қатынастарды реттеу механизмдері, Ұлттық қор қызметінің құқықтық режимі
- 7 Халықаралық экономика құқығы рыногының қал-жағдайына жауапты мемлекеттік органдардың құқықтық жағдайы, қаржылық ұйымдардың құқықтық жағдайы, олардың қызметін реттеу мен ұйымдастыру әдістері.
- 8 Халықаралық экономика құқығы қатынастарының белгілері, ерекшеліктері және түрлері.
Халықаралық экономика құқығы қатынастарының: ұғымы, құрылымы мен сыныптамасы.
- 9 Халықаралық экономика рыногының қал-жағдайына жауапты мемлекеттік органдардың құқықтық жағдайын, экономикалық ұйымдардың құқықтық жағдайын, олардың қызметін реттеу мен ұйымдастыру
- 10 Ақша жүйесінің құқықтық негіздері: ұғымы және жалпы сипаттамасы. ҚР-ң ақша жүйесінің ерекшеліктері. Ақша реформасы.
- 11 Валюталық реттеудің құқықтық негіздері. Валюталық реттеудің жалпы сипаттамасы, ерекшелігі. Валюталық монополия, түрлері.
- 12 Қазақстан Республикасында қаржылық қызметті жүзеге асырушы мемлекеттік органдар, олардың атқаратын функциялары.
- 13 Қаржылық бақылаудың түрлері. Қаржылық бақылаудың жалпы сипаттасы

- мен бақылау тәсілдері.
- 14 Қаржылық қызмет саласындағы басқаруды жүзеге асырушы органдардың жалпы сипаттамасы.
 - 15 Қаржылық жоспарлаудың құқықтық негіздері. Қаржылық жоспарлаудың түсінігі, сатылары. Қаржылық жоспарлаудың қағидалары
 - 16 Қазақстан Республикасының ақша жүйесінің элементтері. Қолда жоқ ақшамен есеп айырысудың түрлері, оның маңызы.
 - 17 «Қазақстан Республикасының Валюталық реттеу және бақылау туралы»
 - 18 Заңның сипаттамасы, құрылымы және маңызы.
Қазақстан Республикасының ақша жүйесін ретке келтіру әдістері: деноминация, ревальвация, девальвация, нуллификация.
 - 19 Қаржылық қызметтің ақша қорларын қалыптастыру әдістері. Қаржылық қызметтің ақша қорларын бөлу тәсілдері.
 - 20 Мемлекеттік қаржылық құрылымының құқықтық негіздері: түсінігі, ерекшеліктері. Мемлекеттік қаржылық құрылымының звенолары.

Бітірушілер негізгі мына сұрақтарды игерулері тиіс

- 1 Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқару, қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, ерекшеліктері.
- 2 Қаржылық қызмет саласында жасалынатын құқық бұзушылықтар және оларға қолданылатын санкциялар.
- 3 Қаржылық құқық бұзушылықтардың белгілері мен құрамы
- 4 Қаржылық құқық бұзушылықтың құрамы: белгілері, элементтері.
- 5 Қаржылық құқық бұзушылық саласындағы жүргізілетін істердің өндірісі, олардың тәртібі мен ерекшеліктері.
- 6 Бюджеттік құқықтың түсінігі, пәні, әдістері және жүйесі.
- 7 Бюджеттік құқықтық нормалардың түсінігі, белгілері және құрылысы.
- 8 Бюджеттік құқықтың қайнар көздері. Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексі.
- 9 Қаржылық құқық пен бюджеттік құқықтың ара қатынасы. Ұқсастықтары мен ерекшеліктері.
- 10 Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі. Төтенше бюджеттің қабылдану негіздері және бекітілу тәртібі
- 13 Бюджеттік қызмет саласында жасалынатын құқық бұзушылықтар және оларға қолданылатын санкциялар.
- 14 Қазақстан Республикасының банк құқығы: түсінігі және маңызы. Қазақстан Республикасының банк жүйесі.
- 15 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі: құқықтық жағдайы, ерекшеліктері.
- 17 Қазақстан Республикасындағы өкілетті органдардың банктерге қадағалау жүргізу функциялары.

- 18 Қазақстан Республикасының Даму банкі: мақсаты, негізгі функциялары және қаржылық өкілеттіктері.
Қазақстан Республикасының салық құқығы қаржылық құқықтың институты
- 19 ретінде. Қазақстан Республикасының салық құқығы: түсінігі және маңызы.
- 20 Салықтарға тән белгілер, олардың басқа міндетті төлемдерден айырмашылықтары.

Бітірушілер негізгі мына сұрақтарды машықтанулары тиіс

- 1 Тәжірибелік сұрақ: Аудан әкімінің шешімімен аудан бюджетіне өзгерістер енгізілді. Бұл шешім бюджетке түсетін кіріс деңгейінің төмендеуімен түсіндірілді. Аудан әкімінің шешімі заңды ма? Өз жауабыңды нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасап негізде.
- 2 Тәжірибелік сұрақ: Уақытша сақтау қоймасындағы тауарларды жеке кәсіпкер толық кедендік рәсімдеу аяқталмай жатып саудаға шығара бастады. УСҚ-ғы тауарлармен қандай операциялар жасауға болады. Аталған жағдайда қаржылық құқықтық қатынастар орын алған ба?
- 3 Тәжірибелік сұрақ: Интеллектуалдық меншік объектісін азамат өзі автор болғандықтан уәкілетті органның келісімінсіз кеден шекарасынан сыртқа шығармақ болды, оның бұл әрекетін кеден органы заңсыз деп танып іс қозғады. Бұл жерде құқық бұзушылық орын алған ба? Орын алған болса, қандай түрі?
- 4 Тәжірибелік сұрақ: Тауарлардың кедендік құны анықтау кезінде азамат Б. тауардың құнына оның сақтандыру құны енгізілуіне қарсылық білдірді. Оның әрекеті дұрыс па? Аталған мысалда сақтандыру қызметі орын алған ба?
- 5 Тәжірибелік сұрақ: Кәсіпкер Д. Қазақстан Республикасына ірі мөлшерде электр құралдарын әкеліп, ол туралы тек екі ай өткен соң кеден органына мәлімдеді. Бұл жерде құқық бұзушылық орын алған ба? Орын алған болса, қандай түрі?
- 6 Тәжірибелік сұрақ: Тасымалдаушы компания тауарды халықаралық почта қызметін ұйымға өткізіп, ол туралы тауар межелі жеріне жеткенде ғана кеден органына хабарлады. Аталған мысалда қаржы шаруашылық қатынастар орын алған ба? Қаржы шаруашылық қатынастар қандай жағдайда орын алады?
- 7 Тәжірибелік сұрақ: Облыстық мәслихаттың шешімімен республикалық бюджетке трансфертті қысқарту туралы шешім қабылданды. Ол шешім кіріс деңгейінің төмендеуімен және бюджеттің қаражат жұмсауға байланысты кейбір бөлігінің орындалуына мүмкін еместігімен түсіндірілді. Облыстық мәслихаттың шешімі заңды ма? Жауабыңды толық негізде.
- 8 Тәжірибелік сұрақ: «Инвест Табыс» Серіктестігі Қазақстанда өндірілмейтін құрал жабдықтарды инвестициялық жоба аясында кедендік жеңілдікпен, яғни баж төлемей ҚР-на әкелді. Салық қатынастары орын алған ба? Салық элементтері қандай?
- 9 Тәжірибелік сұрақ: Аудан әкімінің шешімімен ауылшаруашылық өндірісті қолдау мақсатында бюджеттен тыс қаржылық қор қалыптастырылды. Қор

жергілікті бюджетке түскен салықтық қаржыдан қалыптастырылды. Аудан әкімінің шешімі заңды ма?

- 10 Тәжірибелік сұрақ: Облыстық мәслихаттың ревизиялық комиссиясын облыстық әкімнің тікелей өзі басқаруы туралы шешім қабылданды. Бұл шешім облыстық бюджет атқарылуына қатаң қадағалау қажеттілігімен түсіндірілді. Облыс әкімінің шешімі заңды ма?
- 11 Тәжірибелік сұрақ: Уақытша сақтау қоймасындағы тауарларды жеке кәсіпкер толық кедендік рәсімдеу аяқталмай жатып саудаға шығара бастады. УСҚ-ғы тауарлармен қандай операциялар жасауға болады. Аталған жағдайда салықтық құқықтық қатынастар орын алған ба?
- 12 Тәжірибелік сұрақ: Интеллектуалдық меншік объектісін азамат өзі автор болғандықтан уәкілетті органның келісімінсіз кеден шекарасынан сыртқа шығармақ болды, оның бұл әрекетін кеден органы заңсыз деп танып іс қозғады. Бұл жерде құқық бұзушылық орын алған ба? Орын алған болса, қандай түрі?
- 13 Тәжірибелік сұрақ: Азамат Түрік Республикасынан Қазақстанға жеке мақсатта деп 5 қап темекі, 4 коньяк, 10 түрлі арақ алып келді. Оған қатысты кеден органдары кеден заңнамсын бұзғандығы үшін әкімшілік іс қозғады. Аталған жағдайда салықтық құқықтық қатынастар орын алған ба? Салық кодексінде бекітілген акциз тізбесін атаныз.
- 14 Тәжірибелік сұрақ: Азамат Д. Кеден органына тауарларды кедендік ресімдеу үшін қазақ тілінде өтініш берді. Алайда оған кедендік ресімдеу бағдарламасының орыс тілінде екендігін айтып, одан өтінішті орыс тілінде беруін өтінді. Аталған жағдайда салық және кеден органдарының қызметтерінің өзара іс қимылдарының орын алу реті ата?
- 15 Тәжірибелік сұрақ: Мұнай экспорттаушы компания экспорттық рента салығын мұнайдың Қазақстан Республикасындағы нарықтық бағамы негізінде есептеп толтырды. Аталған жағдайда **мұнайға арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығын** атаныз?
- 16 Тәжірибелік сұрақ: Азамат Т. Кеден брокері лицензиясын алу үшін кеден органына жүгінді, оған кеден органы кеден брокері лицензиясын алу үшін 5 мың еуро алым төлеу керек екендігін айтып өтінішін қабылдамады. Аталған жағдайда салықтық құқықтық қатынастар орын алған ба? Салықтар мен алымдарды атаныз.
- 17 Тәжірибелік сұрақ: Тауарлардың кедендік құны анықтау кезінде азамат Б. тауардың құнына оның сақтандыру құны енгізілуіне қарсылық білдірді. Оның әрекеті дұрыс па? Аталған мысалда қосылған құн салығынан босатылған айналымдар және импортты атаныз.
- 18 Тәжірибелік сұрақ: Азамат М. АҚШ-тан автокөлік алып келіп оны 5 айдан кейін тауарлардың еркін айналысы кедендік рәсіміне орналастыру үшін кеден органына жүгінді. Аталған жағдайда мемлекет тәрпынан салықтық бақылау орын алады ма? Салықтық бақылаудың объектілер қандай?
- 19 Тәжірибелік сұрақ: Азамат М. АҚШ-тан автокөлік алып келіп оны 5 айдан кейін тауарлардың еркін айналысы кедендік рәсіміне орналастыру үшін кеден органына жүгінді. Аталған жағдайда мемлекет тәрпынан салықтық бақылау

орын алады ма? Салықтық бақылаудың объектілер қандай?

20 Тәжірибелік сұрақ: Азамат 12 мың АҚШ долларын кеден шекарасы арқылы алып өтпек болды. Аталған жағдайда қандай құқық бұзушылық орын алды?

Факультет әдістемелік Кеңесінің төрайымы
Кафедра меңгерушісі
Пән оқытушылары:

Урисбаева А.А.
Жатқанбаева А.Е.
Рахметов Е.Ш.